bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Сабақ: Мектеп: И.Журба атындағы жалпы білім беретін мектеп Күні: 08.11.2019ж. Мұғалімнің есімі: Еркинова Лаззат Дуйсебаевна Сынып: 10 Қатысқандар саны: 20 Қатыспағандар саны: Бөлім\тақырып 4 – бөлім.Адам өмірін сақтау. Адам және табиғат.Жарнама. Оқу м

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 11.03.2020 | https://bilimger.kz/182158/ |

| | | |
| --- | --- | --- |
| **Сабақ:** | **Мектеп: И.Журба атындағы жалпы білім беретін мектеп** | |
| **Күні: 08.11.2019ж.** | **Мұғалімнің есімі:** Еркинова Лаззат Дуйсебаевна | |
| **Сынып: 10** | **Қатысқандар саны:** 20 | **Қатыспағандар саны:** |
| **Бөлім\тақырып** | 4 – бөлім.Адам өмірін сақтау. Адам және табиғат.Жарнама. | |
| **Оқу мақсаты:** | 10.3.4.1.- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың /конспектілеудің/ әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;<br>10.4.3.1.- белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп,түрлендіріп талғаммен қолдана білу; | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:**<br>Оқылым,тыңдалым мәтіндерінен негізгі ақпаратты іріктейді.<br>Жарнама түрлерін ажыратады. | |
| | **Көпшілік оқушылар:**<br>Оқылым,тыңдалым мәтіндерінен ақпараттарды түсініп,<br>іріктей алады.<br>Сөзжасамдық нормаға сай сөздерді топтастырады. | |
| | **Кейбір оқушылар:**<br>Оқылым,тыңдалым мәтіндерінен ақпараттарды<br>іріктей алады,түрлендіріп нормаға сай,талғаммен қолданады. | |
| **Бағалау критерийлері:** | 1. Ақпаратты түсініп,түрлендіріп нормаға сай қолданады.<br>**2.** Сөздерді түрлендіріп қолдана,жарнама жаза алады;<br>**3.** Сөзжасамдық нормаға сай сөздерді топтастырады; | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** тақырыпты түсініп, нормаға сай жазылатын сөздерді анықтайды. | |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Жарнама, адам, табиғат, стиль | |
| | **Диалог құруға /шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>Қауіпті мәселелер, табиғат пен адамзат,Қазақстанның көрікті жерлері. | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1.Адам өмірін сақтау мәселесі мен табиғат арасында қандай сабақтастық бар?<br>2.Халқымыз қандай жерлерді киелі санаған?<br>3.Жарнама дегеніміз не?<br>4.Бүгінгі сабақ тақырыбының ғаламдық мәселелермен, құндылықтармен байланысы бар ма? | |
| | | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Тарихи құндылықтарымыз бен, туған жердің табиғатын бағалай білуге үйрету. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті,өлкетану, АКТ, т.б. | |
| **Алдыңғы оқу** | Адам және табиғат.Стиль түрлеріне толық түсінік бере алады. | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>2 минут<br><br>3 минут<br><br>10 минут</td>
<td>
Ұйымдастыру кезеңі:<br>
Оқушыларды «Жас тарихшы», «Жас тілші», «Жас эколог» деген топтарға топтастырамын. Ол үшін оқушылар үстел үстіндегі осы аталған топ атаулары жазылған парақшаларды таңдау арқылы бөлінеді<br><br>
Ширату жаттығуы:<br>
Өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында «Зымыран сұрақтар» әдісін қолданамын. Тақырыпқа байланысты сұрақтарды мұғалім ұсынады.<br><br>
ҚБ: Оқушылардың жауаптарына қарай мұғалім «Басбармақ стратегиясы» арқылы ауызша бағалау жүргізеді.<br><br>
Оқылым мәтіні бойынша «Кластер»әдісімен мәтіндегі адамзат өміріне тікелей қауіпті мәселелерді кластер түрінде жинақтап көрсетеді.Сол бойынша мәтін мазмұнын ауызша баяндайды.<br><br>
Мәтіндегі сөзжасамдық нормаға сай жасалған сөздерді топтастырып,кесте түрінде жазады.<br><br>
<table>
<tr><td>Жұрнақ арқылы туған сөз</td><td>Біріккен сөз</td><td>Қос сөз</td><td>Қысқарған сөз</td><td>Тіркесті сөз</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
<table>
<tr><td>Дескриптор</td><td>Мәтіннен адамзат өміріне қауіпті мәселелерді анықтайды</td></tr>
<tr><td></td><td>Нормаға сай жасалған сөздерді табады</td></tr>
</table>
<br>
«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша өздерін бағалайды
</td>
<td>«Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде әдіс- тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері» /52-бет/<br><br>
Флифчарт, маркер<br><br>
10- тапсырма/64-65бет/</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **10 минут**<br><br>**5 минут**<br><br>**5 минут**<br><br>5 минут | Тыңдалым мәтіні қойылады.Аудио тыңдалады./аудиофайл/<br>Тыңдалым орын алған соң, аталған мәтін бойынша топтарға жеке тапсырма беріледі.<br>**«Жас тарихшы»** тобы — Мәтіндегі негізгі ақпараттарды тауып жаз.<br>**«Жас тілші»** тобы-Термин сөздердің мағынасын анықта.<br>**«Жас эколог»** тобы – Адам мен табиғаттың арасындағы байланыс туралы ой толғайды.<br>**«Еркін талқылау» әдісі арқылы ойларын ортаға салады.**<br><br>Дескриптор: Мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтайды; Термин сөздердің мағынасын ашады.<br><br>**ҚБ: «Өзара»** бағалауды қолданамын.Әр топ келесі топтың жауабын бағалайды.<br><br>**Жарнама** /фр.reclame, лат. reclamo – жар саламын/- тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық саласы туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Жарнаманың түрі өте көп.Жарнаманың мазмұны түсінікті, тартымды әрі тыңдаушыға қызықты, ал көлемі қысқа данұсқа болуы тиіс.<br><br>**«Еркін жазу»**тәсілі бойынша оқушылар берілген мәліметтерге сүйене отырып жарнама жазады. Жеке жұмыс.<br><br>Өздері жазған жарнама мен тыңдалым мәтініндегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне тілдік талдау жасайды.<br><br>1- Мәтін: Тілдік құралдары / Стильдік сипаты; Жарнама: Тілдік құралдары / Стильдік сипаты<br><br>**Дискриптор:**<br>1. Түрлерін анықтай отырып,жарнама жазады.<br>2. Тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне қарай тілдік талдау жасайды.<br><br>**ҚБ: «Бағдаршам»** әдісі арқылы бағалауды іске асырады. | «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде әдіс- тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері» /44-бет/<br><br>«Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде әдіс- тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері» /44-бет/ |

| Дескриптор | Мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтайды |
|---|---|
| | Термин сөздердің мағынасын ашады. |

| 1- Мәтін | | Жарнама | |
|---|---|---|---|
| Тілдік құралдары | Стильдік сипаты | Тілдік құралдары | Стильдік сипаты |
| | | | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау**<br>**Оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?**<br>**Қабілетті оқушыларға тапсырмаларды қалайша күрделендіресіз?** | **Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Денсаулық сақтау технологияларын сақтау.**<br>**Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтарын ескеру.** |
|---|---|---|
| 1. Өздері жазған жарнама мен тыңдалым мәтініндегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасайды.<br>2. «Зымыран сұрақтар» тапсырмасын барлығы орындайды. Қолдауды қажет ететін оқушыларыма жетекші сұрақтар қоямын, пікірлерін тыңдаймын, қолдаймын. | **«Басбармақ стратегиясы»** бағалау әдісі<br>**«Екі жұлдыз, бір тілек»** бағалау әдісі<br>**«Бағдаршам»** әдісі<br>**«Өзара»** бағалау әдісі | Оқу мақсатына сәйкес ширату жаттығуы мен белсенді жұмыс түрі қолданылды, қауіпсіздік ережесі сақталды. |

| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | **Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**<br><br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалады деп есептеймін. Сабақ оқушылардың қызығушылығын жоғарлатты. Сыныптағы оқушылардың ақпаратты қабылдау деңгейлеріне қарай саралауда сыни тұрғыдан ойландыратын сұрақтар қойылды.<br>Уақытты тиімді пайдаландым.<br>Барлық оқушыларды оқу үдерісіне тарту мақсатында берілген тапсырмалар осы жоспарға өзгеріс болып енгізілді. Тыңдалым, оқылым, оқу бағалауды жоспарлау тиімді болды. |
|---|---|

**Қорытынды:**
Ең жақсы өткен екі нәрсе (тыңдалым мен жазылымға қатысты) 1: Мәтін бойынша жарнама жазу;
2: Оқылым мәтінінен кластерлеу ;
Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)
1: Мәтін бойынша кестемен жұмыс нормаға сай жасалған сөздерге тілдік талдау
2: Екі түрлі стильдік ерекшеліктегі мәтіннің мазмұндас болуы.
Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1: Оқушыларды меңгеру деңгейлеріне қарай топтастыра,жұптастыра оқытудың тиімділігінің маңыздылығын түсіндім.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.